



Барлық ескертулер мен бланк қағаздарын виза бөлімдерінен, дипломатиялық өкілдіктердің веб-сайтынан, сонымен қатар „визалық орталықтардан“ тегін алуға болады.

## Спорттық жарыстарға баруға виза ашу үшін берілетін өтініш туралы ақпарат

«Виза ашу үшін берілетін өтініштің жалпы мағлұматтары туралы» ескертпемен қосымша танысуыңызды сұраймыз.

- Өтініш берушінің Шенген визасын алу үшін *толық* толтырылған қолы қойылған **сауалнамасы**. Мұнда шетелдіктердің келуі туралы Заңның 53 параграфы, осы параграфтың 1 абзацы мен 54 параграфтың 2 абзацының, №7, 8 пункттерінің өзара байланысы туралы түсініктемелері қоса ескеріледі; электрондық толтыруға және қайта басып шығаруға арналған сауалнаманың толық түрін Сіз мына жерден [www.videx.diplo.de](http://www.videx.diplo.de) таба аласыз.
- Соңғы 6 айдың ішінде түсірілген 3,5 x 4,5 см көлеміндегі (сауалнамаға жапсырылған) 2 биометриялы **фотосурет**.
- Жарамды, өтініш берушінің **қолтаңбасы қойылған (16 жастан бастап) халықаралық төлқұжат** және төлқұжаттың жеке деректері орналасқан бетінің көшірмесі. Визаны рәсімдеу кезінде төлқұжат кемінде әрі қарай 3 айға жарамды және кем дегенде 2 бос беті болуы тиіс және соңғы 10 жылда берілуі міндет;
- Бар болған жағдайда соңғы үш жылда берілген шенген визалардың кіру және шығу мөрлері бар көшірмелері;
- **Қазақстан азаматтығы жоқ өтініш берушілерге:** Қазақстанда тұруға ықтияр хаттың / тіркеудің түпнұсқасы мен көшірмесі;
- Азаматтық хал актілерін растайтын құжаттар (мысалы, туу/неке/қайтыс болу туралы куәліктер) АХАЖ мөрімен түпнұсқада ұсынылуы тиіс (eGov көшірмелері жарамсыз!)
- Бүкіл Шенгендік Келісімге кіретін мемлекеттерге күші бірдей жүретін **медициналық сақтандырудың көшірмесі**. Сақтандырудың төменгі қаржылай қамту көлемі 30 000 евро және оның қолдану мерзімі көрсетілуі керек. Медициналық сақтандыру болуы мүмкін мына шығындарды өтеуі қажет: Сақтанушының ауырған немесе өлген жағдайда орын алатын тасымалдау шығындары; шұғыл медициналық көмекке кететін қаржы немесе шұғыл ауруына байланысты емханаға кететін шығындар. Бұның бәрі өтініш берушінің Шенгендік Келісімге кіретін елдердің территориясында жүрген кездерінде ғана іске асады. Медициналық сақтандыру сонымен бірге COVID-19 коронавирустық ауруын ең төменгі 30.000 евро мөлшерінде қамтуы керек.



- Виза үшін консулдық алым теңгемен төленеді (Алымдар туралы толық мәліметті Сіз мына жерден таба аласыз: [www.kasachstan.diplo.de](http://www.kasachstan.diplo.de))
- **Сапар мақсатының дәлелдемелері:** Германиядағы спорт федерациясының/спорт клубының шақыру хатының түпнұсқасы + көшірмесі.
  - Шақырушы мекеменің атауы, толық мекенжайы мен байланыс деректері;
  - Шақыру хатында қол қойған лауазымды тұлғаның тегі, аты көрсетілуі қажет;
  - Баратын тұлғаның тегі, аты, туған күні;
  - Бару мақсаты мен болатын мерзімінің ұзақтығы;
  - **Егер шақырушы жақ баратын адамның шығындарын өзі көтеретін болса:** онда ол шетелдіктердің келуі туралы Заңның § 66-68 параграфтарына сәйкес келушінің барған жерінде жүргенде болуы мүмкін қаржы шығындарын қаржыландыруды өз міндетіме аламын деген шақырушының нақты тұжырымды өтініші жазуы керек;
  - Ресми Германия уәкілеттігінде нотариустың қолды куәландыратын жазбасы, НЕМЕСЕ, оның орнына шақырушы тұлғаның төлқұжатының/жеке куәлігінің көшірмесін тіркесе жеткілікті;
  - Егер шақырушы тұлғаның Германия азаматтығы жоқ болса, онда: Германияда тұруға ықтияр хаттың көшірмесі;
- **Егер баратын жерге байланысты барлық шығындарды Қазақстан Республикасының Ұлттық спорт федерациясы өтейтін болса:** Шығындарды өз мойынына алу туралы өтініштің түпнұсқасы, өтініште барушының тегі, аты, туған күні және қанша мерзімге баратыны көрсетіледі.
- **Жұмыс істейтіндер үшін:** Жұмыс жасайтын жерден берілген анықтаманың түпнұсқасы. Анықтамада оның лауазымы, еңбек қызметінің ұзақтығы, орта айлық жалақысы, сондай ақ жұмыс берушінің толық байланыс деректері, жұмыс берушінің анықтамадағы мөрі мен қолы;
- **Жеке кәсіпкерлер мен ЖШС құрылтайлары үшін:** E-gov-тан берілетін мемлекеттік тіркеуден өткен заңды тұлға екендігі туралы анықтама, соңғы есепті уақытқа берілген салық құжаттары (патент немесе электронды түрдегі декларация). Және салық берешегі бар ма немесе жоқ па тұрасындағы анықтама;
- **Студенттер үшін:**
  - **Оқитын жерінен анықтаманың түпнұсқасы.** Анықтамада оқудың түрі, мамандығы, курсы және оқудағы қалған уақыты көрсетіледі.
  - **Егер сапар ағымдағы семестр кезінде болса:** Сапарға кетуіне байланысты сол кезеңде оқудан босатылғаны туралы анықтаманың түпнұсқасы;
- **Оқушылар үшін:**
  - **Мектептен берілген анықтаманың түпнұсқасы.**
  - **Егер сапар ағымдағы оқу жылы кезінде болса:** Сапарға кетуіне байланысты сол кезеңге мектеп сабақтарынан босатылғаны туралы анықтаманың түпнұсқасы;



**Кәмелетке толмағандар үшін қосымша деректер:**

- Тууы турлы куәліктің түпнұсқасы мен көшірмесі;
- Егер тууы туралы куәліктегі мәліметтер шешесінің айтуымен жазылған болса: **АХАЖ (азаматтардың хал актілерін жазу) мекемесінің №4 формасы бойынша берген актуалды анықтамасының түпнұсқасы мен көшірмесі** (анықтаманың берілген уақыты виза ашу үшін жазылған берілген өтініштің күнінен төрт тәуліктен аспауы керек);
- Ата-аналық құқықтарына ие ата-аналардың жеке тұлғаларын куәландыратын **құжаттардың көшірмелері**;

ЖӘНЕ

- Өтініш формулярында ата-аналық құқықтарына ие ата-аналардың **қолдары**;
- Егер ата-анасының біреуі қайтыс болса немесе ата-аналық құқығынан айырылған болса: **Қайтыс болу туралы куәліктің немесе соттың шешімінің түпнұсқасы мен көшірмесі**;

ЖӘНЕ

- Егер бала ата-аналарының біреуімен немесе үшінші тұлғаның жетекшілігімен, не болмаса жалғыз өзі шыққан болса: Шенгендік Келісімге кіретін елдің аймағына баратын балаға жетекшілік жасайтын тұлғаға немесе баратын баланың өзіне сапарға бірге шықпаған ата-аналарының **нотариалдық түрде расталған рұқсатнамасының көшірмесі мен түпнұсқасы**;
- Егер бірге баратын ата-анасының немесе сапарға жетекшілік жасайтын тұлғаның **жарамды шенген визасы болса: Осы визалардың көшірмесі**.

**Естеріңізде болсын: Сіздің өтінішіңізді қарау барысында қосымша құжат қажет болған жағдай туындаса, онда дипломатиялық өкілдік қосымша құжаттарды жіберуді талап етеді. Бірақ бұл құжаттар Сізге визаны автоматты түрде ашуға негіз болып табылмайды.**